

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Өлу құқығы және өмірге билік құру





Мақсаты: Мишель Фуконың «Өлу құқығы және өмірге билік құру» эссесінің тезистерімен танысу.

Тірек сөздер: құқық, өмір, өлім, билік, био-билік.

Өлу құқығы

Егеменді биліктің маңызды басымдықтарының бірі – өлім мен өмір мәселелерін шешу құқығы. Формалды түрде алғанда, ол көне дәуірлерде бастау алғаны белгілі: patria potestas (жоғары билік) Рим отбасына өз балалары мен құлдарының өміріне билік жасау «құқығын» берді. Былайша айтқанда, оларға өмір берді, демек алып қоюға да толық құқылы.

Өлім және өмір құқығы классикалық теоретиктер тұрғысынан анықталғанда, «құқық» айтарлықтай жұмсара түскен. Енді өлтіру немесе өмір сыйлау билігі абсолютті немесе сөзсіз формада орындалмайтын болды: тек қауіп бүкіл мемлекетке төнгенде ғана, өлтіру немесе өмір сыйлау билігі ешкімнің рұқсатынсыз не шешімсіз жүргізіле беретін болды. Мәселен, сыртқы жаулар белгілі бір мемлекеттің тыныштығына қауіп төндірсе немесе оның билеушісін тағынан тайдырып немесе шешіміне қарсы шықса, елдің басшысы өзінің қызметшілері мен халқынан соғыс ашып, мемлекетті құтқаруды талап ете алды. Бұл жағдайда ел басшысы олардың өліп қалуы туралы алдын ала «болжам» жасамай, «өмірлерін қатерге тігіп», былайша айтқанда, басқалардың өмірін пайдаланады. Сонда ел басшысы қол астындағылардың өмірі немесе өліміне «жанама» билікке ие болып тұр деген сөз.

Алайда егер біреу-міреу ел басшысының шешімдеріне қарсы шығып, ережелері мен тәртіптерін бұзса, ол қылмыскерді жазалап, тікелей билік жүргізе алады: жаза ретінде өлтіріледі. Осылайша, классикалық дәуірлерде өлтіру немесе өмірін сақтау құқығы «артықшылық» емес, ел басшысының қорғануы болып саналды.

Гоббстың «ел басшысына құқықты табиғи жолмен беру керек, ол өз өмірін қорғауға толық құқылы, тіпті басқаларды өлтіру арқылы болса да» деген пікіріне келісеміз бе, жоқ па, білмеймін! Әлде, өлтіру не өмір сыйлау құқығы жаңа заңды тұлға – ел билеуші таққа келгенде берілетін ерекше құқық па? Өлтіру не өмір сыйлау құқығы қандай формада болса да, қазіргі заманда қатысты және шектеулі түрде болса да, көне дәуірлердегі абсолютті формада болса да, бұл құқық – симметриялы деп танылмайды.

Ел басшысы өмір сыйлау құқығын өзінің өлтіру немесе одан бас тарту құқығы арқылы жүзеге асырады: ол өзінің өмір сыйлау құқығын тек өлтіруді талап ету арқылы дәлелдей алды. «Өмір сыйлау және өлтіру құқығы» деп танылған құқық шын мәнінде, өмірді беру немесе өмірді тартып алу құқығы болған. Оның символы – қылыш. Мұндай заңды форма қоғамдағы белгілі бір тарихи типке қатысты болуы мүмкін. Ел басшысы өзінің өлтіру не өмір беру билігін салық салу, тартып алу, байлық беру, азық-түлікке, тауарлар мен басқа да қызмет түрлеріне, еңбекке, тұрғын үйге т.б. салық салу жолымен жүзеге асырады. Бұл жағдайда билік басып алу құқығына айналады: мүлікті, тәнді, тіпті, өмірді тартып алу.

Классикалық дәуірлерден бері Батыс әлемі биліктің осы механизмдерінің трансформациясын басынан кешірді. «Тартып алу», әдетте, биліктің негізгі формасы емес, оның құрылымдық элементі болып қалды: түрткі болу, күштеу, бақылау, көбейту т.б. Билік – күшті өндіруге, оны көбейтуге, ұйымдастыруға бағытталған күшке айналды. Өлтіру құқығында да айтарлықтай алға жылжулар байқалады. Ел басшысының қорғану және өзін қорғауды талап ету құқығына негізделген өлім – әлеуметтік тәннің өз өмірін қолдау немесе дамытуын қамтамасыз ететін құқығының кері жағы.

Өмірге билік жасау

Соғыстар XIX ғасырдың басындағыдай соншалықты қанды болған емес. Осы кезге дейін қатаң тәртіп өзінің тұрғындарын жаппай жойған емес. Өлім билігі – биліктің өмірге тигізетін ықпалы, оны көбейту және жақсарту, бақылау мен заңдылықтарды қолдану билігі деген сөз.



Енді соғыстар билеушінің атымен басталып, жүргізілмейтін болды. Соғыстар барлық адамдардың мүддесі үшін жүргізіле бастады; халықтың бәрінің өмірлік қажеттіліктері үшін жаппай қырудың өмірлік маңызы артты. Өмірді басқару ретінде билік құрған тәртіптер соғыстарды тудырып, нәтижесінде көптеген адамдар өлім құшты. Соғыстардың өзгеріп кеткен технологиясы соғысты бастауға түрткі болған әрі соғысты болдырмауға тырысқан билеушілердің өмірді сақтап қалу мәселесі төңірегінде тереңірек ойлануына сеп болды. Қазіргі таңдағы ядролық соғыс қаупі бұл процесті өзгертті: бүкіл халықты өлімге итермелеу қабілеті – адамның ары қарай өмір сүруіне кепілдік беретін күштің кері беті. Соғысты жүргізу тактикасына негіз болған ұстаным – өмір сүруді жалғастыру үшін басқаны өлтіру қабілеті – мемлекеттер арасында қарым-қатынастарды айқындау ұстанымына айналды. Енді өмір сүру дегеніміз – суверенитеттің заңды өмір сүруі болудан қалды; бүкіл халықтың биологиялық өмір сүруі басты назарға алынды.

М. Фуко өлім жазасын мысалға алады. Соғыспен бірге ол қылыш құқығының басқа бір формасы ретінде қолданылды: бұл – оның заңына, еркі немесе тұлғасына бағынбағандарға ел басшысының берген жауабы. Эшафотта өлгендердің саны соғыс майданында өлгендердің санынан көбейе түсті.

Билік өмірді басқару қызметін атқара бастаған кезде, адамгершілік қағидалары емес, өмір сүру шарттары мен логикасы өлім жазасын қолдануды қиындатып тастады. Егер өкімет адамдарды жаппай өлтіре берсе, өзінің айрықша құзыретін қалай жүзеге асыра алады? Өкіметтің басты міндеті – өмірді қолдау мен көбейту емес пе? Мұндай билік үшін өлім жазасы әрі шек, әрі масқара, әрі қарама-қайшылық болды. Сөйтіп, өлім жазасы қылмыстың ауырлығында емес, қылмыскердің қатыгездігі, қоғам ішінде бұдан былай жүре алмауы және қоғам мүшелерін одан қорғау керек жағдайда болмаса, басқа жағдайда қолданылмауы керек. Өзінің биологиялық түрінің басқа өкілдері үшін қауіп төндіргенде ғана, заңды жолмен өлтіруге құқық берілді.

Өлтіру немесе өмірді сақтау құқығы өмірді дамытуға немесе оны өлімге дейін апаруға септігін тигізетін күшпен алмасты. Өлімнен қашу – биліктің өлімнен бас тарту процедурасына айналды. Осы әлемнен басқа әлемге өту барысында өлім – жер бетіндегі билеушінің одан да құдыретті басшыға алмасу тәсілі секілді көрінеді. Билік өзінің құдыретін өмір сүруге құқық беру арқылы көрсетті, себебі өлім – жер бетіндегі билеушінің қолынан шығып кететін биліктің шегі. Сондықтан өлім өмірдің ең құпия аспектісі ретінде танылды.

Өзіне қол жұмсау – қылмыс болуы жайдан-жай емес: өзіне қол жұмсаған адам өлтіру құқығын өзіне алып қойды деген сөз. Өлтіру құқығы – билеушінің ғана құзыреті болуы керек. XIX ғасырда өлтіру құқығын алып қою – әлеуметтік талдаудың аясына кірді. Былайша айтқанда, қоғамда жекелік және тұлғалық түрлері болған. Өлімге бел буу – тұрақтылыққа ие болғанмен, оны белгілі бір ерекше жағдаяттармен немесе жазатайым оқиғалармен түсіндіру қиынға соғады.

XVII ғасырдан бастап өмірге билік құру құқығының негізгі екі формасы болды; алайда бұл формалар бір-біріне қарама-қайшы болмады; керісінше, дамудың екі полюсі секілді бір-бірімен аралық қатынастар арқылы байланысып жатты. Екі полюстің бірі – тәнді машина сияқты қарайды, билік адамның тән тәртібін басқарады: анатомиялық саясат.

Екіншісі – кейіннен қалыптасқан, биологиялық процестердің механикасына айналған тәнді қарастырады: көбею, туылу, өлу, денсаулығы, өмірінің ұзақтығы т.б. Олар биліктің араласуы арқылы бақыланады: био-саясат.

Тәнді басқару мен халықты басқару – екі полюс, олардың төңірегінде билік адам өмірін басқарып отырады.

Бұрынғы кездері өлтіру құқығы – биліктің символы болса, ол қазіргі таңда тәнді басқару және өмірді есептік басқаруға айналды. Классикалық кезеңде әртүрлі тәртіптер қарқынды дамыды – университеттер, орта мектептер, казармалар, шеберханалар, сондай-ақ саяси тәжірибелер мен экономикалық бақылау аясындағы адамдардың туылуы, өмір сүруі, денсаулығы, тұрмысы, миграциясы. Осыдан келіп, адамның тәнін бағындыру және бақылау тәсілдері туындады. Демек, «био-биліктің» жаңа эрасы басталды деген сөз.



Био-билік

XVIII ғасырда дамудың екі бағыты бір-бірінен ажыратылды. Тәртіп үрдісі мынадай институттарда: әскер, мектеп т.б., сондай-ақ, қоғамның жүріс-тұрыс тәртібі, ілімі, білімі мен мінезі секілді тұжырымдарда (маршал Сакстың әскери талдауларынан бастап Гибер немесе Серванның саяси проекцияларына дейін) сақталды.

Халыққа бақылау жасау тәсілдерінің ішінде демография, ресурстар мен тұрғындар арасындағы өзара байланысты бағалау, байлықты талдау мен тарату кестесін құру т.б. әрекеттерді атауға болады. «Идеологтардың» философиясы, мәселен, түйсік генезисі, идеялар теориясы мен таңбалары, мүдделерді әлеуметтік сәйкестендіру теориясы, оқыту теориясы, қоғамдық келісім теориясы т.б. – сөзсіз, абстрактілі дискурс болып табылады. Бұл дискурс төңірегінде биліктің осы екі техникасын біріктіріп, жалпы теория құруға талпыныстар жасалуда.

Био-билік – капитализмнің дамуының ажырамас бөлігіне айналды; капитализм тәнді өндіру механизміне айналдыру және тұрғындарды экономикалық процестерге бейімдеусіз өмір сүре алмайды. Сонымен қатар, капитализм осы екі фактордың екеуіне де мұқтаж: оның билік тәсілдері, күштері болуы керек.

Егер бұрынғы институттардың дамуы өндірістік қатынастарды қолдауға бағытталса, XVIII ғасырда билік техникалары ретінде қалыптасқан, әлеуметтік тәннің барлық деңгейлеріндегі әрі әртүрлі институттарда (отбасы, әскер, мектеп, полиция, медицина, қауымдастықтарды басқару) қолданылатын анатомиялық – және био-саясаттар экономикалық процестер мен олардың дамуы аясында әрекет еткен.

Сонымен қатар, олар әлеуметтік сегрегация және иерархизация факторлары ретінде қолданылып, осы екі құбылыстың сәйкес күштеріне әсер етіп, билік құру және гегемония нәтижелерін қамтамасыз етеді. Адамдарды капиталды жинақтауға бейімдеу, адами топтарды өндіріс күшін кеңейту және еңбекті бөлу үшін пайдалану, одан алынатын пайдалар био-билікті әртүрлі формаларында және тәсілдерінде қолдану арқылы ғана мүмкін болды. Тәнді инвестициялау, оның құндылығын мойындау мен күштерін басқару сол кездері маңызды болатын.

Капитализмнің алғаш қалыптасу кезеңінде аскетикалық ахлақтың рөлі туралы мәселе көптен көтеріліп келді. Алайда XVIII ғасырда кейбір батыс елдерінде капитализмнің дамуынан орын алған өзгерістер – ахлаққа қарағанда ықпалы жоғары басқа бір тәртіптің көрінісі болды. Былайша айтқанда, адамның білімі мен билік ету тәртібіне тән құбылыстар.

Биологиялықтың тарихылыққа жасаған қысымы соңғы мыңжылдықта күшті болған; эпидемиялар мен аштық осы қарым-қатынастардың драмалық формасы болды. Бұл формада өлім қаупі қашан да жоғары болды. Алайда XVIII ғасырдағы экономикалық, ауылшаруашылық даму, өндіріс пен ресурстардың көбеюі осы қауіптің әлсіреуіне септігін тигізді: кейбір жағдайларға қарамастан, аштық пен обадан өлу Ұлы француз революциясының соңына қарай аяқтала бастады: өлім өмірдің артынан қууды тоқтатты.

Білімнің өмірмен тікелей байланысты әртүрлі салаларының дамуы, ауылшаруашылық тәсілдердің жетілуі, өмірмен және адамның өмір сүруімен байланысты бақылаулар мен шаралар осындай әлсіреуге алып келді: өмірге бақылау жасау өлім қаупінің алдын алды. Осы жағдайда билік пен білім тәсілдері өмірлік процестерді басқару, бақылау және өзгерту жауапкершілігін мойнына алды.

Батыстық адамдар тірі әлемде тірі болуға ақырындап үйрене бастады. Мәселен, тәнге ие болу, өмір сүру шарттары, ұжымдық және тұлғалық бақуаттылық, күш – өзгеріске түсті. Тарихта бірінші рет биологиялық тіршілік саяси өмірде көрініс тапты: өмір сүру фактісі қол жетпейтін субстратқа айналды. Билік енді заңды субъектілермен ғана емес, тірі жандарға да қатысты бола бастады.

Био-саясат

Егер «био-тарих» терминін өмірдің қозғалыстары мен тарихи процестер бір-біріне кедергі келтіретін қысым деп танысақ, био-саясат дегеніміз – өмірге не әкелінгені және білім-билікті адам өміріне айналдыру факторына айналдыру механизмі.



Батыс әлемінен басқа жерлерде аштықтың аясы кеңірек. Қоғамның «заманауилық шегі» деп атауға болатын үдеріс өмір – саяси стратегиялардың басты нысаны болғанда ғана қолжетімді болмақ. Мыңжылдықтар бойында адам баласы Аристотельге қалай көрінсе, сол күйі қалды: саяси өмір сүруге қабілетті тірі мақұлық; қазіргі заман адамы – өмірі саясатта күмәнге түскен мақұлық.

Бұндай трансформацияның айтарлықтай салдары бар. Егер адам туралы мәселе көтерілсе, оның негізі – өмір мен тарих арасындағы қатынастар тәртібі болуы керек.

Био-биліктің дамуының тағы бір нәтижесі – заңның құқықтық жүйесі есебінен нормаланған әрекет. Енді заң қарулы қасиетінен айрылмауы керек, оның басымды құралы – өлім болмақ: заңды бұзғанға өлім бұйырылуы мүмкін. Заң қашан да қылышқа сүйенеді. Өмірді сақтау жауапкершілігін алған билік үздіксіз реттейтін және түзететін механизмдерге мәжбүр. Мәселе өлімді басшылыққа алу емес, өлім арқылы өмірдің маңызы мен пайдалы жағын анықтауда. Мұндай билік топтастырылып, өлшеніп, бағаланып, иерархиялануы керек.

М. Фуко заң екінші қатарға өтті немесе әділдік институттары жойылып болады, заң біртіндеп нормаға айналып барады, алинституттар аппараттар континуумына (медициналық, әкімшілік т.б.) еніп жатыр деген пікірді айтып тұрған жоқ. Нормаланған қоғам – биліктің өмірге бағытталған технологияларының тарихи нәтижесі.

Адамзат баласы XVIII ғасырдағы қоғаммен салыстырғанда, заңды регресс фазасына аяқ басты: француз революциясынан кейін бүкіл әлемде қабылданған Атазаңға алданып қалмаған дұрыс. Себебі осы тарихи оқиғадан кейін қабылданған заңнамалық актілер билікті нормаландырып тастады.

Билікке қарсы бас көтерген күштер XIX ғасырда жаңа деп қабылданып, адамның өмірі мен адамның өзі – тірі жан деп қабылдайтын биліктің қолдауына мәжбүр болды. XIX ғасырдан бастап биліктің жалпы жүйесіне қарсы бас көтерген ұлы күрес – бұрынғы құқыққа оралу немесе алтын ғасырды армандауға негізделмеді. Енді ешкім императорлыққа, патшалыққа немесе қиялдағы ескі құқықтарды қалпына келтіруге тырыспайды. Басты мақсат – өмір сүру ғана.

Саяси қайшылықтар – құқыққа қарағанда, өмірдің басты мәселесіне айналды. Өмір сүру, тәнге ие болу, денсаулығын дұрыстау, бақытты болу, қажеттіліктерін өтеу, адамның қол жеткен биігінен де көтерілуге ұмтылу «құқығы» – мұның бәрі классикалық соттық жүйедегі «құқық». Бұл құқық биліктің барлық жаңа процедураларына саяси жауап болды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Мишель Фуко «өмірге билік құру» және «өлтіру құқығы» деп нені атайды?
2. Өкіметтің «өмірге билік құру» ұғымының тарихи мәні неде?

Әдебиеттер:

Foucault Michel. Right of Death and Power over Life// Foucault Michel. History of Sexuality. – Random House and Editions Gallimard, 1978. – P. 133-159.